"2012 жылы Қызылжар ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қызылжар ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы N 565 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 2 ақпандағы N 47 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 14 ақпанда N 13-8-161 тіркелді. Күші жойылды ( Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 4 ақпандағы N 02.07-05-03/127 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімі аппаратының 04.02.2013 N 02.07-05-03/127 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31, 37-баптарына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 7-бабы 5-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 21-бабына, « Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2012 жылы Қызылжар ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Қызылжар ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 05 желтоқсандағы № 565 қаулысына (2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 13-8-158 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2012 жылғы 13 қаңтарда « Маяк» газетінің № 2 (5344), 2012 жылғы 13 қаңтардағы «Қызылжар» газетінің № 2 (444) жарық көрген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Қаулының 5 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«5. Қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс анықталсын:

Өтінілген жұмыс орын қажеттілігі санында - 404 адам;

Бекітілген жұмыс орын қажеттілігі санында - 404 адам.»

осы қаулының қосымшасына сәйкес қаулы қосымшасының 4 тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Е. Рамазановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қызылжар ауданының әкімі В. Редин*

Қосымша
аудан әкімдігінің
2012 жылғы 2 ақпандағы № 47
қаулысымен бекітілді

Қосымша
аудан әкімдігінің
2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 565
қаулысымен бекітілді

## 2012 жылға арналған қаржыландыру көзі және қоғамдық жұмыс көлемдері, түрлері, ұйымдар тізбесі

| № р/с | Ұйымдардың атауы | Төленетін қоғамдық жұмыс түрлері | Жұмыс көлемі | адам саны | қоғамдық жұмыстардың ұзақтығы (айлар) | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | "Бескөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Селолық елді мекендерді абаттандыруға көмек көрсету | көшелер мен аумақтарды қоқыстардан тазалау - 933630 ш.м., аумақты қардан тазалау - 13975 ш.м., орындықтарды сырлау - 30 дана, бағандарды сырлау - 40 дана, ағаштарды кесу - 1390 дана, бүркекті тазалау-10 ш.м., гүл егілетін жерді қазу - 2140 ш.м., гүлдердің арам шөбін жұлу - 2900 ш.м., жол бойындағы шөптерді шабу- 10400 м., дуалдарды жөндеу - 45 м. | 16 | 12 | Аудандық бюджет |
| | | 2. Шаруашылық кітабындағы жазбаларды нақтылау үшін үй басы аралап шығу | 5672 ауланы - үй басы аралап шығу | 24 | 12 | Аудандық бюджет |
| | | 3. Жұмыспен қамту мәселесі бойынша және 18 жасқа дейінгі балалары | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау кезінде қажетті құжаттарды жинауға көмек көрсету | Істерді қалыптастыру - 572 іс | 6 | 12 | Аудандық бюджет |
| | | 4. Тұрғылықты тұратын мекен-жайы бойынша халықты тіркеуге және құжаттауға көмек көрсету | 3000 іс (құжаттарды қабылдау, картатекамен жұмыс) | 4 | 12 | Аудандық бюджет |
| | | 5. Қоғамдық автобустарда бақылаушы ретінде көмек көрсету | 10000 (билеттерді сату) | 2 | 12 | Аудандық бюджет |
| | | 6. Қоқыс тастайтын жерлерді абаттандыруға қатысу | қоқыс тастайтын жерлерді абаттандыру - 3630 ш.м. | 2 | 12 | Аудандық бюджет |
| | | 7. Құжаттарды сақтауға дайындауға және өңдеуге көмек көрсету | 5950 іс (келетін құжаттарды сұрыптау, тігу және жапсыру) | 8 | 12 | Аудандық бюджет |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК